

## **Құрметті биржалық брокерлер (дилерлер) – ЕСЖ мамандандырылған тауарлар сауда секциясының мүшелері!**

Осымен, «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ (бұдан әрі – ЕСЖ) Сізді ҚР ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 ж. №727 бұйрығымен бекітілген Биржалық сауданың жаңа Үлгілік ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында ЕСЖ Директорлар кеңесімен (16.02.16 ж. №146 хаттама, 24.03.16 ж. №149 хаттама) ЕСЖ Директорлар кеңесінің 05.07.2013 ж. №100 хаттама шешімімен бекітілген ЕСЖ Биржалық сауда ережелеріне (бұдан әрі – ЕСЖ Сауда ережелері) қажетті өзгерістер мен толықтырулардың енгізілгені туралы хабардар етеді.

Осы өзгерістермен ЕСЖ мамандандырылған тауарлар сауда секциясында тау-кен өнеркәсібі компаниялары мен ұлттық компаниялардың сатып алулары үшін жеке тәртіп айқындалды, бұл ретте аукциондық лоттарды қалыптастыру тәртібіне ерекше назар аударылды (ЕСЖ Сауда ережелерінің 3-бөліміндегі 2-тарау: 45-1-ден 45-8-ге дейінгі баптар).

ЕСЖ Сауда ережелерінің 45-2.-1-бабымен тау-кен өнеркәсібі компаниялары мен ұлттық компаниялардың сатып алулары үшін ЕСЖ мамандандырылған тауарлар сауда секциясында аукциондар өткізуге өтінімдерді қалыптастыру кезінде лоттар тауар жеткізушілердің аукционға лоттар бойынша қатысуына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету қағидатын сақтай отырып қалыптастырылуы тиіс деп белгіленді.

Бұл қағидат лоттарға бөлу жеткізушілердің аукциондық биржалық саудаларға қатысуын шектемеуі тиіс дегенді білдіреді – барлық тауар жеткізушілері саудаларға қатысуға тең қол жеткізуге ие болуы тиіс! Мысалы, ұсақ тауар жеткізушілерінің немесе бір сауда позициясына маманданған тауар жеткізушілерінің мүдделері тауарлардың кең ассортиментін жеткізетін ірі тауар жеткізушілеріне қатысты кемсітілмеуі тиіс.

Осыған байланысты ЕСЖ Сауда ережелеріне сәйкес аукциондық лоттар мынадай талаптарды орындай отырып қалыптастырылуы тиіс:

1) қолдану салалары әр түрлі техниканы (өнеркәсіптік техника, тұрмыстық техника, құрылыс техникасы, роботтехника және т.б.) бір лотқа біріктіруге жол берілмейді;

2) бір қолдану саласындағы әртүрлі техника (өзге де заттар) Қазақстан тауар нарықтарында осындай техниканы (өзге де заттарды) сатып алу-сатудың іскерлік айналыс дәстүрлерімен рұқсат етілген жағдайда бір лотпен сатып алына алады;

3) техниканы және оның жұмысы үшін қажетті жабдықтауыш материалдарды бір лотқа біріктіруге жол берілмейді, тек оны бір лотпен сатып алу өндірістік қажеттілікпен туындаған жағдайды қоспағанда;

4) полиграфия заттарын, кеңсе тауарларын, жиһазды, өндірістік электроника заттарын, тұрмыстық электроника заттарын, есептеу (компьютерлік) техниканы, шаруашылық тауарларды, құрылыс материалдарын, киімді, дайын өнімдерді жасауда пайдаланылатын материалдарды (шикізатты) жеке лоттармен сатып алуға жатады;

Өндірістік қажеттілік мақсатында аталған санаттарға кіретін тауарлар одан да ұсақ лоттарға бөлінуі мүмкін;

5) дайын бұйымдарды оларға арналған қосалқы бөлшектермен (жинақтауыш бөлшектермен, фурнитурамен) бір лотқа біріктіруге жол берілмейді, тек оны бір лотпен сатып алу өндірістік қажеттілікпен туындаған жағдайды қоспағанда.

Сондай-ақ жоғарыда аталған қағидатты орындау қажеттілігін ескере отырып, лоттарды сатып алынатын тауарлардың брендтері (сауда маркалары, өндіруші атаулары) бойынша бөлуді ескере отырып қалыптастыруды ұсынамыз.